

Жалпы жұртқа жақсылықпен кел,



ЖАҢА ЖЫЛ!

Құттықтау!

Бірлігіміз бен берекеміздің бастауы болғай

Құрметті қауым!

Қадірлі аудан тұрғындары!

Сіздерді күллі әлем жұртшылығы асыға күтетін, жаңару мен үміттің, ізгі тілектер мен игі бастамалардың жаршысына айналған Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Өткен 2025 жыл ауданымыз үшін берекелі еңбекке, нәтижелі жұмыстарға және маңызды жетістіктерге толы жыл болды. Бұл жыл тарих қойнауына еніп, алдағы кезеңге мол тәжірибе мен сенімді қадам қалдырды. Біз енді жаңа 2026 жылға үлкен үмітпен, жарқын жоспарлармен, тың мақсаттармен аяқ басып отырмыз.

Өткен жылы елімізде жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалар мен жүйелі бастамалардың нәтижесінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа серпін алды. Әр салада атқарылған ауқымды жұмыстар, ел игілігіне бағытталған нақты істер—барлығы да тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға арналды. Жаңа әлеуметтік нысандардың бой көтеруі, инфрақұрылымның кезең-кезеңімен жақсаруы, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің дамуы—мұның бәрі бірліктің, ынтымақтың және қажырлы еңбектің жемісі.

Біз бұл жетістіктерді ауданымыздың әрбір тұрғынының адал еңбегімен, елге деген жанаушы көзқарасымен, туған жерге деген шынайы сүйіспеншілігімен тікелей байланыстырамыз. Бұл — ортақ табыс, ортақ қуаныш.

Алдағы 2026 жылда да ауданымыздың даму қарқыны бәсеңдемей, жаңа жобалар мен игі істер жалғасын табатынына кәміл сенеміз. Алдымызда тұрған міндеттер мен мақсаттарды тек бірге, бір жағадан бас, біріңбірің алып шығара отырып жүзеге асыра алатынымыз анық. Әрбір жаңа күн—жаңа мүмкіндік, ал сол мүмкіндікті ел игілігіне жарату өз қолымызда.

Құрметті жерлестер!

Жаңа 2026 жыл сіздерге зор табыс, баянды бақыт, отбасылық амандық пен ырыс-береке әкелсін! Әр шаңырақта шаттық орнап, ел ішінде тыныштық пен тұрақтылық салтанат құрсын. Еліміздің бірлігі бекем болып, тәуелсіздігіміз тұғырлы, көк байрағымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Бірлігіміз нығайып, ортақ мақсат жолында жұмыла білсек, бағындырар белестеріміз әлі де алда екеніне сеніміміз мол.

Жаңа жыл құтты болсын!

**Ізгі ниетпен,
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
О.ЖӘМИЕВ,**

аудандық мәслихат төрағасы.

2025 жылды да бітірдік. Баяғыда үлкен кісілер бір күні өтсе жылайды екен. Біз болсақ соны байқамаймыз да. Сырғыған уақыт. Тойшыл халық 80-90-ға келгенін де қуанып тойлап жатады. Енді сол жасқа келгеніне шүкіршілік еткені болар. Кеше апыл-тапыл басып жүрген бүлдіршіндер, бүгін зіңгіттей жігіт, бұраң қаққан бойжеткен. Қас-қағым уақыт деген осы шығар. Таң атады, кеш батады. Бұл ой әр пенденің басында жүретін сауалды ой. Ал айнала өмір, тұрып мекен етіп жатқан ауыл, ауданың ше?

Күн сайын жаңалыққа жаңалық қосылып жатыр. Ауданымызда балалар ойын алаңда-

рына үлкен алғыс. Бұл игілікті істердің барлығы елдің ауызбіршілігі мен ынтымағының арқасы. Үлкенін кішісі тыңдап, кішісі үлкенін құрметтеп, сыйластық пен адамгершілік қағидасын ұстанған, қазақы тәрбие көрген елдің өнегелі жемісі десе де болады. Ары тартта, бері тарт, «сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар» тірлік болса осындай зор жетістіктерге жетер ме едік?

Кезінде ондай да болған күн сайын шағым, апта сайын арыз жазылып, жұрттың жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей елді сарсаңда қалдырған уақыт та болған. Одан еш нәрсе ұтқан жоқпыз. Күн сайын облыс пен астанадан тексеріс келіп жатса

қойыпты. Бізде ше бір ауылда кемінде 4-5 дүкен. Қатып қалған баға жоқ. Келісімді бағамен аласыз. Қарызға аласыз. Бес алты дүкен болған соң, бағасы да шарықтамайды.

Балалар қаздай тізіліп аяқ жолдар бойымен мектебіне кетіп барады. Ауылдың іші тап таза, қаладан еш жері кем емес. Банк тұр. Мәдениет үйі, кітапхана, музей, кешқұрым серуендейтін болсаңыз бір емес, бірнеше саябақтар жайқалып жайнап тұр. Ауданымызға келген қонақтарымызға ауыл, аудан орталығын ұялмай көрсете аламыз. Ауданымызға кіргеннен Жартытөбе ауылын көріңіз, шалғайдағы Жуантөбе ауылына барыңыз, қандай жұмыстар

Өткен жылға алғыс, келер жылдан табыс



ры, жабық спорт кешендері, даңғыраған жолдар, қап-қара асфальтты көшелер, самаладай шамы жарқыраған ауылдар, жап жарық, теп тегіс әдемі аяқ жолдар, көздің жауын алатын дүкендер мен супер маркеттер, дәмханалар, түрлі нысандар күн сайын аспанға шапшы бір бірімен таласа бой көтеріп жатыр.

Одан басқа өнерде, мәдениетте, білімде оза шауып жатқан ардагерлеріміз, жұлқына алға бастаған жастарымыз аудан атын асқақтатып ел мерейін асырып жатыр. Расында өткен жылға өкпеміз жоқ. Аудан басшысынан бастап, барлық мекеме, бөлім басшыла-

жұмыс қайдан болсын! Бүгінгі таңда елдің санасы, еңбекке деген құлшынысы артып, барлық жетістіктер мен жемістер тек адал еңбек арқылы келетінін түсінгендей.

Жастарымыз түгел компьютерді меңгерген, мектеп жаңаша білімін беріп жатыр. Бала-лабақшалар да жетеді. Өндіріс орындарында ауданның басым тұрғындары вахталық әдіспен жұмыс жасауда. Өзге облыс, аудандарды да көріп жатырмыз. Баяғы кеңес заманындағы жағдаймен қалып кеткен. Солтүстік облыстың бір үлкен ауылында бір ғана дүкен бар екен. Оның өзінде кеңес өкіметі кезіндегідей бағаларын жазып

атқарылған! Жас, жігерлі әкімдер бар қажыр-қайраттарын ауылдың тұрмысын жақсартуға жұмсауда. Кешегі ауыл әкімдерімен болған жиында Президентіміз «ауыл әкімдері-мемлекетіміздің негізгі күші!» деген жоқ па? Бұл тегіннен тегін айтылмаған сөз. Расында мемлекеттің дамуы ауылдан бастау алады. Сондықтан келе жатқан жаңа жыл аудан, ауылдарымызға, жалпы елімізге тек жақсылықтары мен жаңаша жаңалықтарын ала келсін! Ел мен жұрттың дені сау, отбасылары аман, бейбітшілік пен тыныштығымыздың тұнығы бұзылмасын!

Мақсат Қарғабай.



Жаңа жылдық шырша мерекесі өтті

Аудан орталығындағы Ү.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте аудан әкімінің балаларға арналған «Ғажайыпқа толы Жаңа жыл!» атты дәстүрлі Жаңа жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бүлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Аудан басшысы балаларға жылы лебізін білдіріп, жаңа жылда денсаулық, жоғары білім мен бақыт тілеп, бүлдіршіндермен бірге мерекелік шыршаның шамын жақты.

Шара барысында аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев те қатысушыларға құттықтау сөз сөйлеп, жаңа жылда әрбір балаға шаттық пен сәттілік тіледі. Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ақ батасын беріп, ізгі тілегін жеткізді.

Мерекенің әсерлі сәттерінің бірі Аяз ата мен Ақшақардың

балалар өнерін тамашалауы болды. Бүлдіршіндер ән айтып, би билеп, түрлі қойылымдар ұсынып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Өз кезегінде балаларға аудан әкімінің атынан арнайы дайындалған жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.

Мерекелік шара барысында қонақтарды түрлі қуыршақтар мен мерекелік кейіпкерлер қарсы алып, ерекше көңіл күй сыйлады. Іс-шарада балалардың шығармашылығы мен өнеріне айрықша мән берілді.

Аталған Жаңа жылдық шырша мерекесіне көп балалы отбасылардан шыққан, сондай-ақ түрлі байқаулардың жеңімпазы атанған 140-қа жуық жас бүлдіршін қатысты. Шара соңында балалар арнайы дайындалған мерекелік дастархан басында бас қосып, қуанышқа толы сәттер мен ұмытылмас естеліктерге бөленді.

Тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдауға 20-ға жуық тұрғын келіп, өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салды. Көтерілген өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй мәселесіне қатысты болды. Сонымен қатар әлеуметтік көмек, жер қатынастары және жұмыспен қамту салаларына байланысты сұрақтар да қозғалды.

Аудан басшысы әрбір тұрғынның өтініш-тілегін мұқият тыңдап, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес түсіндірме берді. Көтерілген мәселелерді шешу



жолдары жауапты сала мамандарымен бірлесе отырып жан-жақты сараланып,

бірқатар өтініштер бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Жаңа спорт нысаны мен саябақ пайдалануға берілді

Жуантөбе ауылында жабық үлгідегі кіші футбол алаңы мен ауыл ішін абаттандыру мақсатында қолға алынған жаңа саябақтың құрылысы толықтай аяқталып, ауыл тұрғындары қуанышқа бөленді.

Соңғы талаптарға сай салынған спорт нысаны мен «Жуантөбе» саябағының ашылу салтанатына аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысты. Ауыл тұрғындары мен жастарды жаңа нысандардың пайдалануымен құттықтап, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Шара барысында аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев құттықтау сөз сөйледі. Ауыл қариясы, ауданның Құрметті азаматы Сығалаев Әбдіразақ пен ауыл ақсақалдары ел игілігі үшін жүзеге асқан жобаларға ықпалы болған аза-

маттарға ризашылықтарын білдірді.

Жаңа жабық үлгідегі кіші футбол алаңы барлық заманауи талаптарға сай жабдықталған. Нысанда ойыншыларға арналған киім ауыстыру бөлмелері, жарықтандыру жүйесі, жасанды көгал төсемі мен қауіпсіздік қоршаулары қарастырылған. Сонымен қатар алаң аумағы толықтай асфальт жабындысымен қамтылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Ал 1,5 гектар аумақта орналасқан жаңа саябақ бүгінде ауыл тұрғындарының демалып, бос уақытын тиімді өткізуіне арналған жайлы әрі көрікті қоғамдық кеңістікке айналып отыр. Саябақ аумағында серуендеуге арналған жаяу жүргіншілер жолы, жарықтандыру шамдары, демалыс орындықтары, балалар ойын алаңдары мен спорттық жаттығу құрылғылары орнатылған. Кө-

галдандыру жұмыстары жүргізіліп, жасыл желек егілді.

Абаттандырылған саябақ пен жаңа спорт нысаны ауыл келбетін жаңғыртып қана қоймай, тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін маңызды нысандардың бірі болып отыр.

Айта кетейік, биыл Жуантөбе ауылдық округінде инфрақұрылымды жақсарту және елді мекенді абаттандыру бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Бәйтерек көшенін қайта жаңғырту және абаттандыру жұмыстары атқарылды. Жоба аясында 1 100 шаршы метр брусчатка төселіп, 550 шаршы метр бетонды плитка орнатылды. Сонымен қатар жарықтандыру жүйесі жаңартылды. Бұдан бөлек, «Шаңырақ» нысанында Құрмет тақтасын орнату жұмыстары жүргізілді.

Жыл басы жаңа техникалармен толықты



Қыс мезгілінде аудан аумағындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының қауіпсіз әрі үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында «Оңтүстік жолдары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны арнайы жаңа техникалармен толықты.

Аудан аумағындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 451 шақырымды құрайды. Осы жолдарды қысқы кутіп ұстау, қардан тазарту және көктайғақтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту үшін кәсіпорынға К-525 «Кировец», «Урал» роторы, «Хово» ҚДМ және 3 кубтық тиегіш-экскаватор секілді арнайы техникалар пайдалануға берілді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жаңа техникалардың жұмысымен танысты. Кездесу барысында облыстық маңызы бар автомобиль жолда-

рын дер кезінде қардан тазалау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көктайғақтың алдын алу шаралары талқыланды.

Сонымен қатар, көлік магистральдарында төтенше жағдайлар орын алған жағдайда авариялық-құтқару жұмыстарына жедел әрекет ету мәселесі назарға алынды.

Бұл жөнінде аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы ауа райының қолайсыз кезеңдерінде «Шолаққорған – Шаян – Шымкент» бағытындағы «Одаман» асуы мен «Шолаққорған–Ащысай–Түркістан» бағытындағы «Торлан» асуы қар басып қалу қаупі жоғары учаскелер қатарына жататынын атап өтті. Осы бағыттарда жолдарды бірінші кезекте қардан тазалап, инертті материалдар себу жұмыстарын үздіксіз жүргізу қажеттігін айтты.

Қаратау ауылы сапалы ауыз сумен қамтылды

Қаратау ауылында ауыз су жүйелерін қайта құру жұмыстары толық аяқталып, елді мекен тұрғындары сапалы әрі таза ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов Қаратау ауылына арнайы барып, тұрғындарды инфрақұрылымдық нысанның іске қосылуымен құттықтады. Кездесу барысында ауыл халқы атқарылған жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, ауыл қариялары ақ баталарын арнады.

Аталған жоба аясында жалпы ұзындығы 34,034 шақырымды құрайтын ауыз су құбыры тартылып, ауылдағы 1 373 тұрғын, 198 абонент сапалы ауыз сумен қамтылып отыр.

Сонымен қатар, әлеуметтік серіктестік аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясымен жүргізілген келіссөздер нәтижесінде Қаратау ауылында кәсіпорынның демеушілігімен 180 метр тереңдікте ұңғыма құдық қазылып, пайдалануға берілді. Қазіргі



уақытта ауылдың ауыз су қорын ұлғайту мақсатында 780 метр тереңдікте қосымша жаңа ұңғыма қазу жұмыстары жалғасуда. Аталған жұмыстар ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Өткен жұма, желтоқсан айының 26 күні Шолаққорған ауылдық әкімдігінің мәжіліс залында 2026 жылдан бастап салық жүйесіне енгелі отырған өзгерістер жайында жиын болып өтті. Жиынға Түркістан облысы бойынша МҚД Мемлекеттік көрсетілетін қызмет басқармасының басшысы Шырынбекова Сәуле Әбдәшімқызы, Түркістан облысы бойынша МҚД Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Көкенов Мейрамбек Байқадамұлы, Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Атемов Ермахан Сапарұлы және ауылымыздың бірқатар кәсіпкерлері мен жергілікті БАҚ өкілі қатысты. Іс шараны Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Атемов Ермахан Сапарұлы сөз сөйлеп ашып, жиылған кәсіпкерлерге облыстан арнайы келген мейман-



ардагерлеріне 5000 АЕК-ке дейін салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Қосылған құн салығының мөлшерлемесі – 16 пайыз. Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге 5 пайыздық төмендетілген ставка белгіленді. ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі – 10 мың АЕК.

Салықтық әкімшілендірудегі жеңілдіктер

Жаңа кодексте жоспарлы салықтық тексерулер жойылып, тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді. Салық органдары бұзушылық анықталған жағдайда айыппұл салмай, алдымен хабарлама жіберіп, салық төлеушіге қателікті өз еркімен түзетуге мүмкіндік береді.

2026 жылдан бастап елімізде жаңа салық кодексі жұмыс жасайды

дарды таныстырды және 2025 жылдың 18 шілдесінде баста- аяғы 500 адамы бар жұмысшы топ қызу талқылап, Парламент қабырғасында қабылдан және Президент қол қойған жаңа салық кодексі жайлы кіріспе жасады. Әріқарай сөз алған Түркістан облысы бойынша МҚД Мемлекеттік көрсетілетін қызмет басқармасының басшысы Шырынбекова Сәуле Әбдәшімқызы 2026 жылдан жұмыс жасағалы отырған жаңа салық кодексі жайлы баяндама жасады. Жалпы, салықтың тілі ауыр тіл болғандықтан, оны кәсіпкерлеріміз бір жиын, бір баяндамамен жетік түсініп, меңгеріп кетпейтіндігін ескеріп, Сәуле Әбдәшімқызының жиында сөйлеген сөздерін газетіміздің бетінде мейлінше толықтай, мазмұнын бұзбай беруді ұйғарды. Әрине, баяндамадан соң Түркістан облысы бойынша МҚД Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Көкенов Мейрамбек Байқадамұлы, Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Атемов Ермахан Сапарұлы, «Халық Банктің» Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Самат Әлішеров жарыссөзге шығып, жиынға қатысқан кәсіпкерлердің сауаларына жауап беріп жатты. Дегенмен, жоғарыда айтқанымдай, біздің қарапайым халықты былай қойып, күнделікті өмірінде салықпен жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлеріміздің өзінің қаржылық, салықтық сауаты аса жоғары емес пе деп қалдым. Мұны өзім де кәсіпкер болғаным себепті әрі кәсіпкерлеріміздің тақырыпқа қатысты белсенділіктерінің төмендігінен байқадым. Сол себепті де жоғарыда айтқанымдай, 2025 жылдық 18 шілдесінде қол қойылып, 2026 жылдан өндіріске енгелі отырған салық жүйесіндегі өзгерістерді назарларыңызға ұсынып отырмыз: Сонымен, 2026 жылғы 1 қаңтар-

дан бастап Қазақстан Республикасында жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Бұл құжат елдегі салық жүйесін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған маңызды реформа болып отыр. Жаңа кодекстің басты мақсаты-салық салу тәртібін барынша жеңілдету, ашықтықты арттыру және кәсіпкер мен азамат үшін әділ жүйе қалыптастыру.

Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды

Жаңа Салық кодексінде арнаулы салық режимдерінің саны қысқартылып, бұрынғы жеті режимнің орнына үш негізгі режим қалдырылды: Алғашқысы-өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға арналған арнаулы салық режимі. Бұл режим жеке тұлғаларға жеке кәсіпкерлік ашпай-ақ заңды түрде табыс табуға мүмкіндік береді. Айлық табыс 300 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс, жалдамалы қызметкер болмауы қажет. Салық мөлшерлемесі – табыстың 4 пайызы. Аталған төлем зейнетақы, әлеуметтік және медициналық жарналарға бөлінеді. Барлық операциялар E-Salyk Business мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі, есептілік тапсырылмайды. Екінші режим-шағын бизнеске арналған оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі. Бұл режим дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін қарастырылған. Жылдық айналым шегі-600 мың АЕК, жалдамалы қызметкерлер саны шектеусіз. Салық мөлшерлемесі –4 пайыз. Бұл режимде қосылған құн салығы мен әлеуметтік салық төленбейді. Сонымен қатар, салық есептіліктері айтарлықтай қысқарып, артық есептер жойылды. Үшінші режим – шаруа және фер-

мер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі. Бұл саладағы жеңілдіктер сақталып, тек жеке табыс салығы төленеді. Бұрын қолданылған бірыңғай жер салығы алынып тасталды.

Салық режимдеріне көшу тәртібі

Жаңа кодекске сәйкес, 2026 жылдан бастап әрбір салық төлеуші өзіне қолайлы режимді дер кезінде таңдауы тиіс. Патент немесе мобильді қосымша арқылы тіркелген жеке кәсіпкерлер 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қызметін жабуға өтініш бере алады. Егер 2026 жылдың 1 наурызына дейін ешқандай әрекет жасалмаса, жеке кәсіпкерлік автоматты түрде жабылады. Шаруа және фермер қожалықтары қолданыстағы режимде қалатын болса, қосымша әрекет жасаудың қажеті жоқ. Ал жалпыға бірдей тәртіппен жұмыс істейтін кәсіпкерлер оңайлатылған декларация режиміне өтуді қаласа, 2026 жылғы 1 наурызға дейін өтініш беруі тиіс.

Негізгі салық мөлшерлемелері

Корпоративтік табыс салығының негізгі мөлшерлемесі 20 пайыз болып сақталды. Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін – 3 пайыз, білім мен медицина саласына 2026 жылы – 5 пайыз, 2027 жылдан бастап – 10 пайыз мөлшерлемесі енгізіледі. Банк және ойын бизнесі үшін салық 25 пайызға дейін өседі. Жеке табыс салығы табыс көлеміне қарай 10 және 15 пайыз мөлшерлемесімен есептеледі. Негізгі шегерім 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Мүгедектер мен соғыс

Мүлік салығы мен төлем мерзімін өзгерту

20 жылдан асқан автокөліктерге салынатын салық 50 пайызға, 10 жылдан асқан көліктерге 30 пайызға төмендетілді. Жеке тұлғалар үшін мүлік және жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер алынып тасталып, тек жылдық декларация тапсырылады. Салық берешегі 5,8 млн теңгеге дейінгі салық төлеушілерге төлем мерзімін кепілсіз өзгертуге мүмкіндік берілді. Өтінішті қарау мерзімі 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Түйін: Жаңа Салық кодексі – мемлекет пен салық төлеуші арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретін құжат. Ашықтық, әділдік және түсініктілік қағидаттарына негізделген бұл жеке кәсіпкерлікке қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Меніңше өзгерістер енген жаңа салық кодексін кәсіпкерлерімізге түсіндіретін осы тақылеттес жиындар жалғасын табуы тиіс. Олай дейтінім, елімізге танымал сарапшылардың өздері бұл өзгерістер ел экономикасына пайда не зиян әкеледі деген тақырыпта әлі күнге ортақ пікірге келе алмауда. Демек, жаңа салық кодексі қаншалықты мемлекетіміздің қазынасын толтырып, халқымыздың тұрмысын жақсартынын жұмыс жасамай біле алмаймыз. Ендеше, жаңа салық кодексінің халқымыздың жақсы өмір сүруіне ықпалы тисін деп, үміт еткеннен басқа шарамыз жоқ. «Уақыт бәріне емші» деп жатады ғой дана халқымыз. Соны істің соңын күткеннен басқа шарамыз жоқ.

Данияр БЕК.

РИЗАШЫЛЫҒЫМДЫ БІЛДІРГІМ КЕЛЕДІ

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорын» ЖШС-нің басшылығы мені ҚР Еңбек кодексінің 49-шы бабының 5-ші тармақшасының негізінде өз еркіммен жұмыстан босатты.

Осы кәсіпорында 2023-ші жылдан бері 4-ші дәрежелі жүргізуші болып тұрақты жұмыс жасадым. Осы уақытқа дейін кәсіби мамандығым бойынша басшылық тарапынан немесе мемлекеттік жол көлік инспекциясынан ешқандай тәртіптік,

әкімшілік жаза, ескерту алған емеспін. Бүгінгі таңда асырауымда 2-ші топ мүгедектігі бар әйелім, жоғары оқу орнында күндізгі бөлімде оқитын 2005-ші жылы туған ер балам мен 2007-ші жылы туған қызым студент.

Жұмысқа шақырып алып, өз еркіммен жұмыстан шығуға арыз жазбасаң, жұмыс берушінің ықпалымен жұмыстан шығарыласың, ал ол жағдайда басқа жұмысқа алынбай қаласың деп, айтқан соң, өз еркіммен жұмы-

стан шығуға арыз жазып бердім. Шын мәнінде мен өз еркіммен жұмыстан шығуға мүдделі емес едім.

Заңсыз жұмысымнан айрылуыма байланысты, алдағы уақытта отбасымды, мүгедек әйелімді қайтып асыраймын деп өмірден түңілердей жағдайларды бастан кешірдім. Отбасым алдында өзімді кінәлі санадым. Жұмыстан босатылғаннан кейін, «ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорын» ЖШС-ң келісім комиссиясына сотқа

дейінгі іс шара тәртібін сақтай отырып, жұмысқа қайта орналастыруды сұрап, жазбаша арыздандым, арызымды қанағаттандырмау туралы жауап маған 20 тамыз 2025 жылы келді. Одан кейін мен жұмысқа қайта орналастыруды сұрап, Түркістан облысының әкіміне шағымдандым, менің арызым Шымкент қаласының еңбек инспекциясына қайта жолданды, одан да нәтиже болмады. Содан соң Созақ аудандық сотына жүгіндім.

Созақ аудандық сотының төрағасы Дәуренбеков Ақылбек Сергейұлына отбасым атынан және өз атымадан зор алғыс айтамын. Аудандық сот әділетсіздікке орын бермей, менің жазбаша өтінішімді зерделей отырып, заң талаптарына сай қайта жұмысқа орналасуыма заңдылық жолымен шешіп берді. Президентіміздің тәртіп пен заңдылық туралы бастамасы іс жүзінде жүзеге асырған Созақ аудандық сотының төрағасы мен ұжымына алғыстан басқа айтарым жоқ.

Игілік ӨТЖАНОВ,
Қыземшек кенті.



Шолаққорған ауылдық ардагерлер кеңесінің жылдық есептік жиыны өтті

Желтоқсан айының 26-сы күні Созақ ауданының орталығы—Шолаққорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында ауылдық ардагерлер кеңесінің жылдық есептік жиыны болып өтті. Бұл жиын ауылдағы қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген ардагерлер ұйымының бір жыл бойғы атқарған жұмысына қорытынды жасап, алдағы міндеттерді айқындау мақсатында ұйымдастырылды.

Маңызды басқосуға Созақ ауданы әкімдігінің аппарат басшысы Ахат Бакиров, Шолаққорған ауылының әкімі Жеңісәлі Төлепбергенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Шолаққорған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бүркіт Арынбеков, кеңес мүшелері, ауыл ақсақалдары мен жергілікті бұ-

селе қойылды. Бірінші мәселе бойынша Шолаққорған ауылдық округіне қарасты ардагерлер кеңесінің төрағасы Бүркіт Арынбеков 2025 жылы атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Баяндамада жыл бойы өткізілген тәрбиелік мәні зор іс-шаралар, жастармен кездесулер, ауылдағы қоғамдық-саяси және мәдени шараларға ардагерлердің қатысуы жан-жақты қамтылды. Сонымен қатар, ардагерлердің әлеуметтік мәселелеріне назар аудару, ынтымақ пен татулықты сақтаудағы ұйымның рөлі кеңінен сөз болды.

Екінші мәселе бойынша Шолаққорған ауылының «Әжелер» алқасының төрайымы Рысты Тайымқұлова 2025 жылы атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Ол өз сөзінде әжелер алқасының ұлттық салт-дәстүрді

қорған ауылының әкімі Жеңісәлі Төлепбергенов шығып, ардагерлер ұйымының қоғамдағы орны мен маңызына кеңінен тоқталды. Олар ауылда атқарылып жатқан әлеуметтік-экономикалық жұмыстарға ардагерлердің қолдау білдіруі мен ақыл-кеңесінің маңыздылығын атап өтіп, ұйым жұмысына оң баға берді.

Жиын қорытындысында Шолаққорған ауылдық ардагерлер кеңесі мен «Әжелер» алқасының 2025 жылы атқарған жұмыстары кеңес мүшелерінің көңілінен шығып, қанағаттанарлық деп танылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе — ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы мен алқа құрамын сайлау мәселесіне кезек берілді. Ашық әрі ұйымшыл жағдайда өткен сайлау нәтижесінде



қаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиынды ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бүркіт Арынбеков ашып, жүргізіп отырды. Ол жиналған қауымды күн тәртібімен таныстырып, ардагерлер ұйымының негізгі мақсаты—ел бірлігін нығайту, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосу және ауылдағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласу екенін атап өтті.

Күн тәртібіне үш негізгі мә-

насихаттау, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу бағытында атқарған жұмыстарына тоқталды. Әжелер алқасының ауыл өміріндегі белсенділігі мен қоғамдық шаралардағы үлесі ерекше аталып өтті.

Мұнан кейін жарыссөзге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Созақ ауданы әкімдігінің аппарат басшысы Ахат Бакиров және Шолақ-

кеңес мүшелерінің бірауызды дауыс беруімен Бүркіт Арынбеков Шолаққорған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қайта сайланды.

Жиын соңында қатысушылар ардагерлер ұйымының алдағы уақытта да ауылдық қоғамдық өміріне белсенді араласып, ел бірлігі мен ұрпақ тәрбиесі жолындағы жұмыстарды жалғастыра беретініне сенім білдірді.

Данияр БЕК.

Жылдың жарқын белесі-оқырманға тағзым

Тағылымы терең, мағынасы бай, рухани салмағы зор кештердің бірі 2025 жылдың аяқталар шағында Созақ аудандық орталық кітапханасында өтті. «Рақмет саған, оқырман!» деп аталған бұл Жаңа жылдық қорытынды кеш — бір жылдың ішінде атқарылған жүйелі еңбектің, әдеби-мәдени ізденістің, оқырман мен кітапхана арасындағы ажырамас байланыстың салтанатты көрінісі болды. Жыл бойы ұйымдастырылған әдеби кештер, көркем сөз оқулары, байқаулар мен жобалар — соның айқын дәлелі болмақ. Бұл шаралардың барлығы бір ғана мақсатқа бағынды: оқырманды кітапқа жақындату, кітап арқылы ұлттың рухын биіктету. Қорытынды кештің шымылдығы кітапхананың жыл бойғы жұмысын қамтыған бейнероликпен ашылды. Кешті кітапхана директоры Нұржамал



Әбілжанқызы ашып, жиналған қауымға жүрекжарды лебізін білдірді. Ол өз сөзінде кітапхананың ең үлкен жетістігі — оқырман екенін атап өтті. 2025 жыл әдебиет сүйер қауым үшін мазмұнды жыл болды. Республикалық «Бір ел — бір кітап» акциясы аясында поэзия жанры бойынша Жүмекен Нәжмиденов, проза жанры бойынша Созақтың перзенті Тәкен Әлімқұловтың шығармалары кеңінен насихатталды. Әсіресе, Тәкен Әлімқұловтың туған жері — Бабата ауылында өткен «Облыстық Тәкен тағылымы» конференциясы аудан өміріндегі айтулы мәдени оқиғаға айналды. Ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы да кітапхана жұмысының негізгі өзегіне айналды. Әдеби сағаттар, жыр кештері, оқулар мен байқаулар арқылы Абай мұрасы жас ұрпақтың санасына терең сіңірілді. Аудандық «Абай оқулары» байқауында Қыземшек модельді кітапханасының кітапханашысы мен оқырманының бас жүлдені иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алуы — осы еңбектің нақты нәтижесі.

Жыл бойы балалар кітапханасының оқырмандары түрлі интеллектуалдық және әдеби байқауларда белсенділік танытты. «Ақылдым», «Әлемді кітап арқылы танымын» сынды жарыстарда балалардың кітапқа деген қызығушылығы артып, ой-өрісі кеңейе түсті. Сондай-ақ, облыстық «Әсілхан» оқуларында бас жүлдені жеңіп алған Амангелді Жүрсіннің жетістігі — кітаптың тек оқушыға емес, ұстазға да рухани серік екенін дәлелдеді. Созақ көтерілісінің 95 жылдығы, «Созақ үні» газетінің 95 жылдық тарихы — барлығы да ел жадын жаңғыртқан маңызды белестер ретінде аталып өтті. Бұл — өткенге тағзым, болашаққа бағдар еді. Кеш барысында белсенді оқырмандар мен ұстаздарға Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы директорының, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың, мәдениет бөлімінің және кітапхана басшылығының Алғыс хаттары табысталды. Бұл — оқырман еңбегінің еленген сәті, кітапқа адалдықтың бағаланған шағы болды.

Әсем әндермен әрленген, ізгі тілектерге толы кеш мерекелік көңіл күймен өз мәресіне жетті. Бұл кеш бір жылдың қорытындысы ғана емес, жаңа жылдың рухани бастауы болды. Әрине бұл қорытынды кеш бір жылдың ғана қорытындысы болмақ. Келесі жылы бұдан да керемет, өте әсерлі кештер мен сайыстар көптеген ізгі бастамалар өтетініне сеніміміз мол. Бұл жай ғана кішігірім оқырман мен кітапханашылардың бір ғана көрінісі іспетті. «Рақмет саған, оқырман» осындай ізгі бастамаларды әр кезде де оқырмандарды қолдап әрі қарай іске асырып ең керемет кештер мен рухани бастамаларға бастар жолды әрқашан оқырман сіздер үшін кітапханалар жүйелері ұйымдастыруға әзір... Қорыта айтқанда, «Рақмет саған, оқырман!» атты тағылымды кеш — кітап пен оқырман арасындағы рухани байланысты одан әрі нығайтқан, оқуға деген сүйіспеншілікті арттырған мазмұнды шара болды. Алдағы уақытта да кітапхана мен оқырман арасындағы бұл ізгі байланыс жалғасын таба бермек.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Созақ аудандық кітапханасының библиографы.

«ФУРМАНОВ» АЙНАЛМА КАНАЛЫ АРҚЫЛЫ КЕЛГЕН СУ
ШУ ӨЗЕНІНІҢ АРНАСЫНА КОСЫЛДЫ

📍 Канал ұзындығы 120 км
 ⚙ Жүргізілген жұмыс - кешенді механикалық тазалау
 💧 Қазіргі су көлемі - 25 м³/сек
 📊 Жалпы сыымдылығы - 45 м³/сек
 ➔ Су бағыты → Фурманов су торабы → Сарыөзек ауылы

✓ Нәтиже - су 120 км жолды толық жүріп өтіп,
Шу өзенінің арнасына қосылды

«Фурманов» айналма
каналы қайта жанданды

Соңғы жылдары Шу өзенінің суының аудан аумағына келіп жайылуының бәсеңдеуі өңірдегі өзекті экологиялық мәселелердің біріне айналған болатын. «Тасөткел» су қоймасынан Шу өзенінің төменгі арнасына экологиялық су тастау жүйесінің бұзылуы табиғатқа кері әсерін тигізіп келгені белгілі.

Бұған дейін осы мәселені шешу мақсатында Жуантөбе ауылы және Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында арнайы жиындар өтіп, онда Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Су шаруашылығы комитеті мен «Шу-Талас» бассейндік инспекциясының өкілдері, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков, Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан депутаттары мен ардагерлер, Шу өзіні бойында орналасқан ауыл азаматтары Бақытжан Талдыбаев, Сәрсен Алтай сондай-ақ су шаруашылығы саласының мамандары қатысты.

Жиын барысында Мойынқұм ауданындағы Фурманов су торабынан бастау алатын «Фурманов» айналма каналын механикалық тазалау мәселесі кеңінен талқыланды. Ұзындығы 120 шақырымды құрайтын канал арқылы су өткізу тиімділігін арттыру, жұмыс барысын қатаң бақылау, қажетті техника мен жабдықтарды толықтыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Нәтижесінде каналдың жағдайын қалпына

келтіру үшін қажетті жұмыс көлемі айқындалып, тиісті іс-шаралар ұйымдастырылды. 2025 жылдың 24 маусымынан 3 желтоқсанына дейін жүргізілген механикалық тазалау жұмыстарына жалпы 218 тонна жанар-жағар май жұмсалды. Оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК демеушілігімен 210 тонна, ал Созақ ауданы тарапынан ұйымдастырылған демеушілер есебінен 8 тонна жанар-жағар май қамтамасыз етілді.

Жұмыстарға Түркістан облысының «Тұран Су» мекемесінің 2 экскаваторы, «Қазсушар» Жетісу филиалының 2 экскаваторы, Үлкен Алматы каналы мекемесінің 2 экскаваторы, сондай-ақ «Қазсушар» Қызылорда филиалының 1 экскаваторы жұмылдырылды.

Аудан басшысының бастамасымен 2025 жылдың 24 маусымынан бастап бүгінгі күнге дейін ауылдық округтер мен тиісті бөлімдер тарапынан арнайы кезекшілік ұйымдастырылып, жұмыстардың үйлесімді әрі үздіксіз жүргізілуі қамтамасыз етілді.

Қазіргі уақытта су ағыны Сарыөзек ауылы аумағынан өтіп, тазаланған 120 шақырымдық арнаны толық жүріп өтті. Шу өзенінің арнасына қосылды.

Айта кетейік, «Фурманов» айналма каналының су өткізу қабілеті 45 м³/секундты құрайды. Канал Мойынқұм ауданының Қылышбай, Құмөзек, Қарабөкет және Сарыөзек ауылдарының аумағы арқылы өтеді.


Жаңа жылға тарту

Жаңа кітап жарыққа шықты

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитетінің қолдауымен және Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты бірлесіп «1931-33 жылдардағы ашаршылық: Түркістан облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері». Сұқбат материалдарының V томдығы кітабын шығарды.

Кітапқа пікір жазғандар тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Тұрсын Хазірет пен А.Тоқтабай. Редакциялық алқасы мен құрастырушы ғалымдар: институт директоры З.Е.Қабылдинов, С.М.Борбасов, О.Х.Мұхатова, Ш.Б.Тілеубаев, А.Т.Қайыпбаева, Н.Н.Құрманалина, Ж.Жеңіс.

Бұл жинақта 1931–1933 жылдарда Түркістан облысында ашаршылықтан зардап шеккен куәгерлер мен олардың ұрпақтарының сұхбаттары және естелік материалдары ұсынылған. Жинақ материалдары жоба барысында алынған сұхбат мәтіндерін, естеліктерді, ой толғауларды қамтиды. Жеке тектік деректердің басым бөлігі тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Жадыларда сақталған естеліктер ашаршылықтың тарихын жаңғыртып, жергілікті тұрғындардың қасіретті тағдырын баяндайды. Басылым зерттеуші мамандарға және кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихына қызығу-



шылық танытатын қалың оқырман қауымға арналды. Осы тұста Созақ өңіріндегі аштық туралы іздестіріп, зерделеп осы кітапқа Созақ ауданының енуіне мұрындық болған жерлесіміз, тарихшы Жомарт Жеңісұлына аудан жұртшылығы, аштық құбандарының ұрпақтары атынан ризашылық алғысымызды білдіреміз. Кітапта шежіреші Есіркеп Өмірбековтің, ақын-жазушылар Өтеш Қырғызбаевтың, Мұхит Қарғабайдың, Сәрсенбек Теңізбайдың, аштықты көрген Жылысбаев Мырзахмет пен Дадбеков Мәми ақсақалдардың естеліктері басылған.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ардақты әкеміз, атамыз, «Созақ үні» газетінің ардагері әрі белсенді авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, ҚР Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, журналист әрі сценарист Болат Шайманұлын 31 желтоқсан күнгі туған күнімен шын жүректен құттықтай отырып, жырдан шашу шашамыз.



Екі ғасырдың куәсі болған,
Жаралған жаны шын асыл ардан.
Құрметті ата, көп жаса әлі,
Армандарыңа ұласып арман.

Өмірдің өтіп бұралаңдарын,
Жеткізген көне мұрадан бәрін.
Жаратқан ием жар болып өзі,
Қартаймай ата жүр аман дәйім.

Құт болсын мынау ардақты күнің,
Жарық қып тұрсын жан жақты нұрың.
Өзіңіз- біздің үлкен әулеттің,
Көтеріп жүрген салмақты жүгін.

Сайрап жатыр ғой шуақты ізің,
Ақыл-гөйіміз өмірлік біздің.
Жетпіс жетіге толған күніңіз,
Құтты болсыншы ататай сіздің...

Ізгі тілегін білдірушілер:
 ұл қыздарыңыз Рашид, Раушан, немерелеріңіз
 Бекжан, Ержан, Әбілқайыр, Жәния, Жәмила,
 Нұржан, Нұрбек, Абылай,
 шөберелеріңіз Әлтайыр, Айша, Асанәлі.

2026 жылы ауданымызда атап өтілетін
және еске алынатын күндер мен даталар

Созақ аудандық орталық кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі дайындаған өлкетанулық күнтізбенің кезекті шығарылымы 2026 жылы ауданымызда атап өтілетін және еске алынатын күндер мен даталарға арналған.

Күнтізбені әдебиеттерді насихаттауда, өлкедегі қоғамдық, мәдени оқиғаларды хабарлауда, көпшілік шаралар ұйдастыруда кітапхана-шылар, мұғалімдер, мәдени сала мамандары өз ісіне пайдалана алады, сонымен қатар аудан тарихы қызықтыратын барша оқырман қауымның назарына ұсынылады.

Қаңтар

1 қаңтар Маханов Сатан-күйші, шөртпе күйші, дәріптеуші, 80 жаста (01.01.1946)
 10 қаңтар Балабинов Рахым-ақын, 90 жаста (10.01.1936)

17 қаңтар Тәбризұлы Сүлеймен-тарихшы, өлкетану-

шы, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, туғанына 90 жыл (17.01.1936- 2024)

Ақпан

2 ақпан Жанғали Жүзбаев Әлімханұлы-Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері, профессор, композитор күйші, 65 жаста (02.02.1961)

Наурыз

7 наурыз Сатыбалды Нарымбетов Жәлелұлы-кино-режиссер, жазушы, драматург, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері Созақ ауданының Құрметті азаматы, туғанына 80 жыл (07.03.1946 – 08.07.2021)

24 наурыз Мұсаев Кеңесбай Мұсаұлы -ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, туғанына 95 жыл (24.03.1931-06.05.2020)

Сәуір

11 сәуір Тәшенов Болат Төлешұлы – ғалым, физика-математика ғылымының

докторы ҰҒА академигі, туғанына 85 жыл (11.04.1941)

22 сәуір Бәлшенқызы Гүлзағипа – ақын, «Алтын алқа иегері», туғанына 90 жыл. (22.04.1936-11.03.2024)

Мамыр

5 мамыр Ерназар Нұртай Тоқмырзақұлы- ақын, туғанына 70 жыл (05.05.1956-24.10.2023)

Қараша

10 қараша Дінтайұлы Тұмартай-ақын, педагог, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, 65 жаста (10.11.1961)

Айы күні белгісіз

Бекжанұлы Шәймерден-ақын, термеші, туғанына 140 жыл (1886-1956)
 Төлеуов Құлжабай- Халық ақыны, туғанына 115 жыл (1911-1995)

Аманжолов Ертай – ақын, туғанына 105 жыл (1921-1990)

Көпбай Омаров- Халық ақыны, туғанына 100 жыл (1926-1990)

Жондыбай ағамыз союздың уақытысында басшылардың қызметтік көлігін жүргізген екен. Кейін совхоз тарап, халық жаппай әбіржіген тоқырау жылдары жұмыссыз қалады.

Содан ары бері жұмыс іздеп көреді. То анау, то мынау себеп болып жұмысы құрғыр болмай қояды. Болмайтын нәрсе бәрібір болмайды екен ғой.

Бір күні Қошқар деген жолдасы жолығып қалып:

-Жонеке, ассалаумағалейкум!

Өткенде сені біреулер өндірістен жұмыс іздеп жүр деп еді. Не болды? Болатын түрі бар ма?-дейді.

-Бардым. Оларға «Е»-сі бар адам керек екен,-дейді.

-Сонда не, сенің есің жоқ па?-депті құрдасы.

Жұмысты ойлап тұрған Жондекең:

-Иә, жоқ,- деп жауап беріпті.

Қасында тұрған құрдастары қыран топан күлкіге қарық болыпты.

Жүрген жерім дария ғой

Раң ата ауылында Оразхан есімді ағамыз болған. Кезінде техника дегеннің атауы мен саны аз кезінде қоңыр түсті «Жигули» мініп жүретін. Содан «Жигулин», аппақ түсті «Нива» автокөлігіне ауыстырып жіберді. Бұл көліктің түрі түйе іздегенге, сиыр баққанға ыңғайлы деген болуы керек. Бір күні көктемнің уақыты судың мол кезі болса керек, жүз грам ішіп алып, соның күшімен ағын суға барып қойып кеткен. Содан «Ниваның» тромблеріне су кетіп, көлігі өшіп қалады. Тасып аққан өзеннің тура ортасында қалады. Көліктің полигіне дейін су толады. Мас адам күнге быршып ұйықтап қалады. Көліктің тұрып қалғанын ауылдас інісі Ақшаев Өмен деген ағамыз мотоциклмен жылқы іздеп өтіп бара жатып көріп қалады. Содан 11-12-лерде қайтып келе жатса, машина судың ортасында әлі тұр екен. Машинасын танып, жақындап барады. Барса қызу, әлі ұйықтап жатыр. Оятады. Оянбайды.

-Оу, Ореке, тұрыңыз!- деп жұлқылап оятып алады.

-Су, су -дейді.

-Ореке! Өзіңіз судың ортасында отырған жоқсыз ба?-дейді.

Орекең: -Сәл көзін ашып, бардачоктан кесесін алып, ағып атқан судан іліп алып:

-Шіркін-ай, Оразхан ағаңның жүрген жері көл-көсір дария ғой!-деп суды сіміріп іше берген екен.

Бұдан кейін атың Кәйіп болсын..

Бетпақта Шәмен құдық деген жер бар. Сол құдықтың басында қаратаулық Жайық деген ағамыз мал бағады екен. Бір күні ағамыздан бір мал сұрап алып сойып жемекші болып түйеші Оразхан барады. Барса әуіттің көлеңкесінде Жайық қызулау болып отырады. Жауап ала алмайды. Ертеңіне азанда тағы барады. Барса кешегіден де кәйіп зор болады. Сонда мотоциклдің үстінде тұрып:

-Ей Жайық, бұдан кейін сенің атың кәйіп!-деген екен.

Ақ жапырақтар ұшады енді

Бірде ауылда ағайындардың отырысы болып жатқан көрінеді. Мұтан көкеміз әңгімені жандырып жатса, Мүстияр көкеміз іліп әкетеді, одан Уәлихан көкеміз, ол кідірсе Жолдыбай көкеміз майын тамызып жатыр дейді. Сөйтсе Тоқтар деген көкемізге кезек тимей қалса керек. Сонда:

-Ал ақ жапырақтар ұшады енді!-деген екен.

Тіс салдырып алмасам...

Ертеректе ауыл-ауылдың арасында ел атпен, есекпен қатынайтын заман екен. Раңнан ары Тасбұлақ деген жерден бес-алты қария асқа барып келе жатса керек.

Бегімбет деген атамыз:

-Еті қаттылау болған екен. Тісім өтпей әбден әбіржідім, осыдан пенсиям қолыма тисе тіс салдырып алмасам,-деп айтады дейді.

Сөйтсе Қалеке деген құрдасы:

-Өй, сенде қызықсың, өкімет саған бола қалыбын бұзат дейсің бе?-депті. Бегімбет көкеміздің соғыста жағына оқ тиіп, жақ сүйегі қисық біткен екен. Соны қағытқаны екен.

ұрлап алып жатқанын Абылайхан ағамыз көріп қалған екен.

Оқу өтіп кетпесе жарар еді...

Мына Раң ауылында Қалеке деген көкеміз болды. Ауылдың поштабайы еді. Сонымен қатар ауылда Төреняз деген сері, той, думан, жиын, қызықшылықтарды жібермейтін ағамыз болатын. Жаз айларында тіпті ол кісіні таппайсың. Соны білетін Қалеке көкеміз Төренияздың қатарластарынан:

-Әй, осы жаз бойы Төрениязды көрмедім ғой? Қайда жүргенін

ДЕГЕН ЕКЕН...



Құрбақа екен деп қалсам...

Ауылда Жалтаев Жақан деген ағамыз болған. Өзі боқтампаз кісі болатын. Ауылды түгел боқтайтын-дай правасы бар екен. Бірде есігінің алдындағы оман арыққа жуынып жатса керек.

Сөйтсе қасынан Мейірман көкеміз өтіп бара жатыр екен.

-Ассалаумағалейкум, қария!-деп амандасса Мейірман көкеміз қарамапты. Тағы да «ассалаумағалейкум қария!» десе тағы қарамай кетіп бара жатса керек.

-Ау, мына иппашамайтың шалы көрең болып қалған ба?-десе, Мейірман көкеміз артына бұрылып қарап:

-А, сен бе едің? Мен суға секірейін деп тұрған құрбақа екен деп қалсам,-деген екен.

Жақан ағамыз боқтампаз болғанымен сөзге жоқ кісі еді. Үндемей қала беріпті.

Сайманын танып алған шығар...

Баяғы совет өкіметі кезінде науқанды жұмыстың қайнап жатқан кезі болса керек.

Бір ағамыз:

-Домкратымды ұрлап кетіпті. Алған адамның қолы сынсын, әкеңнің аузын сүйкейін деп боқтап, күйіп пісіп жатса керек. Сөйтсе Абылайхан деген ағамыз:

-Әй, пәленше! Ол адам сенің күліш сайманыңды ұрлап алған жоқ шығар. Ол өзінің күліш-сайманын танып алған шығар,- дейді. Сөйтсе әлгі ағамыздың біреудің күліш сайманын

білмейсіңдер ме?-дейді.

-Оқуға барамын деп жүреді. Оқуға кеткен шығар,-депті екінші бір құрдасы.

Сөйтсе, Төренияздың жайынан хабары бар көкесі:

-Нәлетіге оқу өтіп кетпесе жарар еді,-деген екен.

Артта бір ит келе жатыр...

Мерекебай ағамыз Шаға ауылының оқушы балаларын орталыққа таситын машинаны айдап жүрген кезде болса керек. Бір жолы Мерекебай Ибаш ағайға гаражда жолығып қалады да:

-Ағай, ассалаумағалейкум! Таңертең ерте шығып кетіппе едіңіз. Сізді көрмей қалдым ғой. Кімнің машинасымен келдіңіз?-деп жік жаппар болады.

Ойнап, әзілдесетіндей жағдайлары бар ма:

-Уағалейкумассалам! Е, бір ит апарай, бір ит әкеледі ғой,-депті Ибаш ағай.

Мерекебай ағамыз қипақтап үндемей қала береді.

Содан түс қайта ауылға қарай оқушыларды алып кетіп бара жатса баудың тұсында Ибаш ағай көлік күтіп тұр екен. Қасына тоқтайтындай болып жүріп барыпты, кабинасын ашып:

-Ағай, артта бір ит келе жатыр. Соған мінесіз ғой,-деп қайыра тоқтамай жүріп кеткен екен.

ОШАННЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Парламентте жұмыс істейді

Кластастар бір жиынға жиналды. Бір кезде бір кластас қызымыздың күйеуі келді. Кластас қызды да оның

күйеуінде біраздан бері көрмегенбіз. Әлгі күйеу қарап тұрмай кластасымыз Ошанға қарап:

-Сен Айдарсың ба?-дейді.

-Ерлі-зайыптылар бірнеше жыл бірге тұрған соң бір біріне ұқсап кетеді дейді ғой. Жақында немерелі болып, оны жуып, мен де екі-үш күн Айдардың қасында жүріп едім. Айдарға ұқсасам ұқсайтын шығармын,-деген екен.

Парламентте!

Содан дастархан басына барып отырдық. Әркім әркім әр жақтан келгендер жағдай сұрасып, мал-жан сұрасып, ауа райын сұрасып жатты.

Әлгі күйеу бала Ошанға қарап:

-Сен қай жақтан келдің?-дейді.

Ошан: -Астанада келдім,-дейді.

Қайда жұмыс істейсің?-десе, Ошан беті бүлк етпей:

-Парламентте!-дегені ғой. Кластастар ду етіп күліп жатыр.

Живсырье мен металлургиядан...

Тағы бірде мектеп директоры Дайырбектен біреу:

-Ошан сендерде жұмыс істей ма?-деп сұрапты.

-Иә, бізде ғой,-депті.

-Қай сабақтан береді?-депті.

Сөйтсе Дайырбек:

-Живсырье мен металлургиядан,-депті.

Негізі Ошан дене шынықтыру мұғалімі екен. Арасында жүн-тері, темір-терсек жинайды екен. Соны тұспалдап айтқан ғой.

Бір тазысы жоқ..

-Мына Әсеттің жеті тазысы бар. Құмды екі-үш күн аралап жүріп бос қайтады. Ал Қазақбайдың бір тазысы жоқ. Үй айналып жүріп күніне екі үш қоян ұстап әкеледі,-дейді қайынысы Самат Қазақбай жездесін мысқылдап.

Көкем де қызық е...

Ошанның көкесі қарт кісі қатты ауырып екі дүниенің ортасында жатады. Жасы ұлғайған кісі ғой. Содан ағасы Тілеу екеуі машинамен барып ауылдың молдасы Айтбек көкемді алып келеді. Айтбек көкем ақкөңіл, бір пендеге зауалы жоқ кісі болатын. Сонымен дем салып, ақырғы суын беріп кетеді.

Содан тағы қысылып тағы да Айтбек көкемді шақырады.

Тағы дем салады.

Таң ата тағы қысылады.

Айтбек көкем тағы келеді де, дем салып болып:

-Көкем де қызық е, адамды қайта қайта әурелеп!-деген екен.

Әкемді өлтіргенсіңдер

Тасқара көкеміз ішпейді десе ішпейтін, жемейді десе жемей қалатын, аңқау, арамдығы жоқ бала сияқты кісі екен. Сол Тасқара көкеміздің баласы Дәулетхан бір жиналыста отыр екен. Алдыларына ас келіпті. Сөйтсе біреулер:

-Ой, Дәулетхан тамақ жемейді, тамақ жемейді,- десе керек.

Сонда Дәулетхан:

-Е, қойыңдар айналайын! Тасқара тамақ жемейді, Тасқара тамақ жемейді деп, әкемді сендер өлтіргенсіңдер!,-деген екен.

Өлідей табылды

Нәсірреддин деген ағамыздың көршісінің бір жылқысы өрісте жүріп ұшты-күйлі жоғалып кетіпті. Бірнеше күн өтеді. Хабар жоқ. Сөйтсе жылқы тауда оман арыққа құлап өліпті. Содан көршісіне жылқысының өлгенін «естіруге» барыпты. Сөйтсе ағасы мал қорасында жүр екен.

Амандық-саулық сұрасып алғасын Нәсірреддин ағамыз:

-Аға, екі жаңалығым бар! Жақсысынан бастайын ба? Жаманынан ба?-депті.

-Әрине, жақсысынан баста,- депті.

-Жылқыңыз табылды!-депті.

-Е, жақсы болыпты ғой, ал жаманы не?-депті ағасы.

-Иә, сол жылқыңыз оман арыққа құлап өліпті,-деген екен.

**Әзірлеген:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Хабарландыру

«Тасты-Шу ТСЖ» өндірістік бөлімшесіне қарасты Тасты, Қылти және Шу елді мекендеріндегі жеке су тұтынушылар назарына!

Түркістан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №19/258-VIII «Түркістан облысында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» шешім қабылданып, төмендегідей мәтіндермен толықтырылды:

1) ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін - 90 тенге;
2) ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін - 100 тенге.

Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**«Тасты-Шу ТСЖ» өндірістік бөлімшесі:
Байланыс сымтетік : + 7 776 295 9393.**

«БЖЗҚ» АҚ-ның цифрлық форматта көрсететін қызметтерінің саны артуда

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) салымшыларға зейнетақы капиталын қалыптастыру қызметтерінің кең спектрін ұсына отырып, олардың тізбесін үнемі жаңартып, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында белсене жұмыс істеуде. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі – салымшылардың өз жинақтарына деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты.

01.01.2025ж. мен 31.10.2025ж. аралығында халыққа шамамен 36,7 млн қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 22,2 млн-ы электрондық форматта, 13,3 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 97,8%-ын құрады. Салымшыларға 795,1 мың қызмет жүзбе-жүз көрсетілді, оның ішінде 775,5 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 1,4 млн жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 24,2 млн үзінді көшірме берілді. Оның 20,4 млн-ы – электрондық, ал 3,3 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «БЖЗҚ» АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алу-дан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді. Мәселен, жыл басынан бері салымшылардан жинағының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға аудару туралы 67,1 мың өтініш қабылданып, оның 64,4 мыңы электрондық нұсқада іске асырылған.

2025 жылдың басынан бастап 10 ай ішінде деректемелерді өзгертуге 114,0 мың өтініш қабылданды. Оның 107,0 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық түсіндіру жұмыстары аясында 43,6 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 892,3 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 35,5 мың материал жарияланды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жа-сауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқор-

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқор-

пақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін, әр отбасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ

Алапаттың алдын алайық

лықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

лыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұр-

тәрбиелеу-басты міндет. Болашақ ұрпағымызды адалдыққа үйретуіміз керек. Тәрбие тал бесіктен басталады деген қазақ, егер кішкентайынан баланың санасына адалдық, жауапкершілік, отаншылдық қасиеттерін сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыпта-сады.

**Ғалым БИМЕНДИЕВ,
Қарақұр ауылының
әкімі.**

Сананы сыбайластық уламасын

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың бірыңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен елдің даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететін сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нағандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет, демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те толастамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сон-

дай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық

деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**Бақдәулет ӘБІШ,
Құмкент ауылдық округі
әкімі аппаратының
кеңесші-іс
басқарушысы.**

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**«Созақ ауданының
Құмкент ауылдық округі
әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

Ортақ іске қайрат пен күш керек

Президентіміздің халыққа арнаған әрбір жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің

шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; қоғамдық бақылау институттарын енгізу; мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау; құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру; сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтас-тықты дамыту.

Қоғамды сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамның адал ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы маңдай терімен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

**Нұрбану
Сұлтангазиева,
Созақ аудандық статистика басқармасының
бас маманы.**



Кейде бұл құзды «Айғыр ұшқан» деп те атайды. Қарт Қаратаудың бөктерін жайлаған Бүркітті деген ауқатты, қайыры мол, қолы ашық, малды кісі болған екен. Сол Бүркіттің «Бермес» деген қара қасқа айғыры болыпты. Бесті кезінен алдына үйір салып, өз алдына жіберген екен. Жарықтық ит-құсқа бірде бір құлын бермеген екен. Содан «Бермес» аталып кетеді. Үйірін шашау шығармай ұстайды. Қаншама елге дақпырты тарап, «Бір өзін бір үйір жылқыға айырбастайық» деген қаншама адамдар, байлар мен бауатты кісілер қолқа салады.

-Ауыл айнала ит-құс. Сендердің берген бір-екі үйір жылқыларыңнан

керектігін жылқышыларына ескертеді. Бірақ жылқышылар келмей тұрып-ақ «Бермес» бір бәленің болатынын сезіп, үйірін алдына салып бұл уақытта құмды жалды, ойпаң мен қалың жынысты тоғайды жарып, сексеуілдің ішіне кіріп, құмға сіңіп кете барады.

«Осындай да осындай Бүркіттің елу жылқыдан тұратын үйірі болған» деген хабар патша әскерінің құлағына жетеді. Содан олар Бүркіттің кісі жібереді.

-Иә, барына бар. Бірақ жылқы деген аяқты мал ғой, қайда жүргенін кім білсін! Тауып жатсаңдар айдап

Сол кезекті бір барымтада Бүркіттің жылқыларына ауыз салады. Ауыз салғанда тура «Берместің» үйіріне килігеді. Олар жас ет жегісі келген «жыртқыштар» екен. Бірден құлын, тайларға ауыз салады. «Бермес» айғыр көкке шапшып, аласұрып жалғыз өзі барымташыларға қарсы шығады. Барымташылар бір-екеу емес, тобымен келгендер. Үйірдегі жас төлдерді ұстағанын ұстап, ұстай алмағанын атып әкетеді. Үйір шашырап, әп-сәтте тоз-тозы шығып, бірі сайға, бірі тауға қашып қырық пышаққа бөлінеді. Содан көк пен ызаға, ашуға, екі аяқты хайуандар-

АЙҒЫР ҚҰЗ

бір қыста айырылып қаламын ғой. Бұл айғыр болмаса, маған үйір-үйір жылқының не керегі бар?-деген екен. «Бермес» айғырдың үйірінде елуге жуық жылқы болған екен. Соларды шашау шығармай ұстайды. Тіпті, үйіріне танымайтын, бөгде адамдарды да жолатпайды екен. Кеңес өкіметі келмей тұрғанда ақ патшаның әскеріне бүкіл елден мініс жылқыларын жинайды. Қауіптің алдын алу үшін Бүркітті «Берместің» үйірін құмның ішінде жасырын ұстау

әкете беріңіздер қарсы емеспін,-дейді бай. Ол бір жағы «Бермес» айғырға да сенген еді. Содан солдаттар құмның ішін, жалды кезіп таба алмайды. «Бермес» жылқының ізін жасыру үшін ары-бері қайта-қайта жүріп, содан Сарысу өзеніне түсіп, жиырма шақырымнан кейін қатқаққа шығып ізін адастырып кеткен екен жарықтық есті айғыр. Сол заманда қазақ руларының, байларының арасында, ірі болыс-билердің арасында барымта деген жүрген.

дың әділетсіздігіне ашынған айғыр екі көзінен жасы парлап, желмен жарыса құйғытқан күйі Қаратаудың құзар басынан төмен қарай секіріп кетеді. Намыс тек адамда ғана емес есті жылқыда да болады екен. Анау-мынау намыссыз адамнан төрт аяқты жылқы баласы артық. Содан бері жергілікті халық бұл таудың құзар шыңын «Айғыр ұшқан» деп атап кетеді.

Жылқы

Қазақ едім жылқыменен жұбанған,
Қазақ едім арғымақтың ту алған
Ұл туылса ұлағатын тигізер.
Құрық ұстар нұр туды деп қуанған.

Қамбар ата төрт түліктің бірісін,
Қобыланды, Алпамыстың жырысың.
Қазанат пен қазақ бірге аталар,
Қатар жүрген екеуінде ұлысың.

Дүбір дүние табанынан тайғанда,
Қанды соғыс долы шашын жайғанда.
Құрыш тұяқ, құлагердің тұқымы,
Бауыржанға серік болдың майданда,

Тұманда да тұнық болған тұғырың.
Ер қазақпен жаралғандай ғұмырың.
Сәбиіне ана төсін игенде
Емірене, дейді екен «құлыным».

Тайбасар мен Дөненбайлар көшегі
Құнанбай мен Құлыншақтар көшелі
Жылқыбай мен Тайкелтірді айтсаңшы.
Маңдайына ырыс жұққан бес елі

Кендебайдың Керқұласы ертегі
Ертегінің түбі шындық шертмеді
Тұлпардың тұяғы ғой сақтаған.
Қазақ атты ғаламат бұл өлкені.

Алтын басты адамдар-ай сұрқы мұң
Ойлайтыны қамы ғана құлқынның
Ескерткішті орнатайық одан да
Тұғыр етіп тұяғына жылқының.

Тұяғындай жұмыр болсаң біріккен,
Әдетті де тастар едік үріккен.
Тұяғындай қатты болсаң дұшпанға,
Бабаларым бас изер-ед құлпарда.

Тұяғындай берік болсаң нақ ұстар,
Аманатқа, уәдеге, намысқа.
Тұяғындай адал болсаң серікке,
Тағасынды тар жол тайғақ кешуде
Жылқы мінез қазақ үшін осылар
Мұрат болар болашақта өсуге!

Жаңа жыл мерекесіне оншақты күн қалғанда Арқабайдың қорасында тұрған күрең бесті «қолды» болды. «Қолды» болды деуге де толық негіз жоқ. Ұрының келіп, қорадағы жылқыны жетектеп, не артып алып кеткенін ешкім көрмеген. Қораның маңайында бөтен көліктің, не адамның күдік келтірер ізі де жоқ. Арқабай аң-таң болып, таң атпай үй ішіндегілерді дүрліктіре оятты.

-Қорада тұрған күрең бесті жоқ. Ұрылар сыптай етіпті!-деп түрі күреңітіп, ашу мен өкініш аралас үні қарлығыңқы шықты.



-Ой, жездеке мұздай ғой, кегімді ақыры қайтарамын. Қара да тұр. Осы ісінді қайтармасам Мұқан атым өшсін!-деп ойбайлап жатыр. Оянып кетті. Түсі екен.

-Ойпырмай, күрең бесті қорада тұр ма?-деп хыңылы ояу сыртқа беттеді. Қораның есігін ашып, шамды көтере бергенде қора түкпірінде тұрған күрең бесті «пыр» етіп осықырына берді. Арқабай өз көзіне өзі сенер емес. Таң енді алакеуімдеп атып келеді. Қыстың ұзақ түні біртіндеп тарай бастаған еді. Арқабай үйге қарай адымдай жүгіре басты.

-Әй, тұрыңдар! Күрең бестіні

Қолды болған Күрең бесті

-Әке, полицияға хабар берейік те,-деді үйдегі кенже ұлы Сәкен.

-Жоқ болмайды. Оларсыз-ақ өзім табамын. Ұры алысқа ұзай қойған жоқ. Ары кетсе Түркістан мен Қарабұлақтың базарына алып барар. Ертең ертемен сен Түркістанға, мен Қарабұлаққа жолға шығамыз. Дайында!-деді үзілді кесілді.

Арқабай түнімен аласұрып ұйықтай алмай жатты. Есікті қалай ашып кеткен? Қайыра жауып қойыпты. Шөптің үстінде тұрған су жаңа ер тұрманға тиіспепті. Бұл ұрыға зынашит ет, соғым керек болған ғой,-деді іштей жорамалын жасап. Оның үстіне күні бойы күрең бестіні уайымдап тамақ та ішпеді. Түсте тыңқиып асқа тойып алып мызғитыны да бар еді. Оны да ұмытты. Ішкені ірің, жегені желім

болды. Түс әлетінде Мұқан қайыны үйге соққан болатын. Әншейінде әдеті бойынша ол байғұсты ащы тілімен осықылап, тіпті болмаса қораның ортасына үйілген қиға аунатып итін шығаратын. Оған бүгін ойнауға шамасы жоқ. Келдің-ау, кеттің ау демей булығып өзімен өзі жүріп назар да аудармады.

Мұқан мұрнының астынан міңгірлеп жұбатпақ болып бірдеңе айтпақшы еді. Оны тыңдаған да жоқ. Бір уақытта толықсып ұйықтап кетіпті. Түсінде күрең бестісі қорада тұр. Көкпеңбек көк жоңышқа мен бидай жемді күтірлетіп жатыр. Ал өзі болса аяқ астынан келе қалған Мұқан қайынысын сабан толы ашық қорада жығып алып, мойнына қар аралас сабанды тыққыштап жатыр екен.

қайыра әкеліпті. Бұл қандай ұры болды?-деп үйді басына көтерді. Әр бөлмеден үй мүшелері біртіндеп оянып дәлізге шығып жатыр.

-Әке, не болды тыныштық па? Әлі таң да атқан жоқ қой?-деді ұлы.

-Ә, білдім, мұны істеген Мұқан ғой. Әп, бәлем білдім. Бір сағат ойнаймын деп, бір күн қан жылатты ғой. Қу Мұқан!-деп Арқабай ұзын сырықты алып Мұқанның үйін бетке алды. Біршама жол ортасына барғанда өз-өзінен шек сілесі қатып:-Өзіме де обал жоқ Арқабай!-деп сырығын жол жиегіне лақтырып жіберді де кері қайта берді.

**Бетті дайындаған:
Мақсат Қарғабай.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68,
байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев